

**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ**  
**«BILIM QAZYNA» КММ**  
**№6 «ОРМАН ЕРТЕГІ» БӨБЕКЖАЙ- БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК**

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің  
«29» 08 2024ж  
№ 400 бұйрығымен



**БАҒДАРЛАМА**

**«Жас дарындар»**

**( ересек тобы)**

**Ақтөбе 2024ж**

Бағдарламаның негізі:


Ә.Тұрғынбаев «Логика» Алматы «Білім» 2014 ж

Құрастырған : Р.Қапашева , тәрбиеші

№ 6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Жас дарындар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«27» тамыз 2024 ж

№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасы меңгерушісі  Ж.Ж Бурханова



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Жас дарындар» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

« 28 » 08 2024ж

Сараптау комиссия төрағасы



Ж.Б Шалабаева  
(аты-жөні)

**Ақтөбе қаласы, №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасының  
«Жас дарындар» бағдарламасына**

**ПІКІР**

Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Бағдарламаны №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Р.Ж.Қапашева құрастырған.

Ұсынылып отырған «Жас дарындар» бағдарлама ересек тобы балаларына арналып құрылған.

**Күтілетін нәтиже:** Мектеп жасына дейінгі балалардың сапалы іс-әрекетін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарды бағалай білу.

**Пікір беруші:**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының педагогика ғылымдарының кандидаты**





## ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі кезеңдегі балаға алғашқы білім беру, тәрбиелеу жұмыстары барысында түрлі әдіс-тәсілдерді ойын түрінде үйлестіре қолдану, ересек тобы балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, танымдық қызығушылығын арттыру.

**Мақсаты:** Танымдық , білімдік , іскерлік қасиеттері жан – жақты дамыған , тілі жетік , өзіне сенімді еркін ойлай біледі.

### **Міндеттері:**

- Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету;
  - Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту;
  - Өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- «Жас дарындар» бағдарламасы ересек тобына арналған, сағат саны 36, аптасына 1- рет өткізіледі , бағдарлама 3 жыл бойына жүргізіледі.

### **Күтілетін нәтиже:**

- баланың логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- заттардың белгілеріне қарай салыстырып ,кеңістікте орналастырады;
- шығармашылық қабілеттері дамиды, іс-әрекет барысында белсенділіктері артады.

## Тақырыптық жоспар

| №  | Тақырыбы                   |
|----|----------------------------|
| 1  | «Кім білгіш?»              |
| 2  | «Сөйлемді жалғастыр»       |
| 3  | «Сө ойла, тез ойла»        |
| 4  | «Не артық?»                |
| 5  | «Менің ертегім»            |
| 6  | «Айырмашылықтарын тап»     |
| 7  | «Топтастыру»               |
| 8  | «Кім жоқ?»                 |
| 9  | «Не өзгерді?»              |
| 10 | «Суретті жұмбақтар»        |
| 11 | «Бас қатырғыш»             |
| 12 | «Сөзжұмбақ»                |
| 13 | «Қадамдар»                 |
| 14 | «Көңілді математика»       |
| 15 | «Дұрыс па, бұрыс па?»      |
| 16 | «Кішкентай данышпан»       |
| 17 | «Көлеңкесін тап»           |
| 18 | «Математикалық жұмбақтар»  |
| 19 | «Суреттерді есте сақта»    |
| 20 | «Кім тапқыр?»              |
| 21 | «Ерекше тақшалар»          |
| 22 | «Ойлан тап»                |
| 23 | «Нені ұмытып кеттін?»      |
| 24 | «Ұқсастық пен айырмашылық» |
| 25 | «Графикалық диктант»       |
| 26 | «Суретті толықтыр»         |
| 27 | «Не істеді?»               |
| 28 | «Логикалық поезд»          |
| 29 | «Шытырманды жұмбақ»        |
| 30 | «Ұқсастықтарды іздеу»      |
| 31 | «Өлең есептер»             |
| 32 | «Кім шапшаң»               |
| 33 | «Сиқырлы пішіндер»         |
| 34 | «Сиқырлы жіптер»           |
| 35 | «Жеңімпаздар сайысы»       |
| 36 | «Кім мықты?»               |



### Тақырыптық күнтізбелік жоспар

| № | Тақырыбы               | Бағдарлама міндеттері                                                                                                                                                  | Ойындар                       |
|---|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1 | «Кім білгіш?»          | Бейнеленген суреттерге қарай отырып, заттардың пайдасы, қажеттілігі туралы айта білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Еңбекқорлыққа баулу. (мыс: үстел, үй, көлік, т.б.) | Д/О: «Ғажайып қорапша»        |
| 2 | «Сөйлемді жалғастыр»   | Балаларды ауызша сөйлеуге үйрету. (мен балабақшаға барғым келеді...) Сөздік қорларын дамыту. Үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдануға тәрбиелеу.                  | Д/О: «Сөзді өзгерт»           |
| 3 | «Сө ойла, тез ойла»    | Өзара байланыспайтын үш сөйлемге мыс: көл, қарындаш, Асан. Сөйлем құрауға үйрету. Сөздік қорын дамыту. Шығармашылық қабілетін арттыру.                                 | Қ/О: «Доп саған, жауап маған» |
| 4 | «Не артық?»            | Көптеген қуыршақтардың арасынан артық ойыншықты тауып алуға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.                       | Д/О: «Біреуі артық»           |
| 5 | «Менің ертегім»        | Түрлі ойыншықтарды пайдалана отырып ойдан ертегі құрастыра білуге үйрету. Логикалық ойлау, қиядау қабілетін дамыту. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.                         | Д/О: «Ертегі құрастыру»       |
| 6 | «Айырмашылықтарын тап» | Заттарды өзара салыстыру тәсілдерін үйрету. Екі суретке қарай отырып айырмашылықтарын табуға машықтандыру. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.                                    | Д/О: «Айырмашылығын тап»      |
| 7 | «Топтастыру»           | Суреттерге қарай отырып киімдер мен ыдыстардың суреттерін топтастыруға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздылыққа тәрбиелеу.                       | Д/О: «Жалпы атауын ата»       |
| 8 | «Кім жоқ?»             | Балалармен отбасы жайлы әңгіме жүргізу. Балалардың отбасы мүшесінің бір суретін алып тастап, оның кім екенін табуға үйрету. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.                 | Д/О: «Кім жоқ?»               |
| 9 | «Не өзгерді?»          | Балаларға пішіндер туралы түсінік бере отырып, карточкада бейнеленген пішіндердің айырмашылығын табуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздылыққа      | Д/О: «Сандар шатасты»         |

*T. ellis*



|    |                           |                                                                                                                                       |                                                                                                                       |
|----|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                           | тәрбиелеу.                                                                                                                            |                                                                                                                       |
| 10 | «Суретті жұмбақтар»       | Суреттегі бейнені бір-біріне сөз жасыру арқылы жұмбақтарды шешуге үйрету. Тіл байлығын дамыту. Байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу.      | Д/О: «Алма ағашы»                                                                                                     |
| 11 | «Бас қатырғыш»            | Түрлі-түсті таяқшалардан пішіндер құрастыра білулерін жалғастыру. Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін тиянақтау.              | Д/О: «Көңілді поезд»                                                                                                  |
| 12 | «Сөзжұмбақ»               | Сұрақтарды мұқият тындап сөз жұмбақтарды дұрыс шешіп дәлелдей білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Жүйелі сөйлеуге тәрбиелеу.    | Д/О: «Артық сөзді тап»                                                                                                |
| 13 | «Қадамдар»                | Ойыншықтарға қадам жасай отырып жылы сөздер айта білуге үйрету. Тіл байлығын дамыту. Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.                 | Д/О: «Басқа қырынан таны»                                                                                             |
| 14 | «Көңілді математика»      | Балалардың жыл мезгілдерін, апта күндерін дұрыс ататып білімдерін тиянақтау. Кез-келген саннан бастап 20 дейін тура және кері санату. | Өлең есептер:<br>Асан жеді бір кәмпит,<br>Үсен жеді бір кәмпит.<br>Қосқан кезде барлығын,<br>Болады екен неше кәмпит? |
| 15 | «Дұрыс па, бұрыс па?»     | Аталған заттарды мұқият тындап, қандай топқа жататынын айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын, зейінін дамыту. Мыс: Ит, мысық-құстар. | Д/О: «Суретшінің қатесін тап»                                                                                         |
| 16 | «Кішкентай данышпан»      | Карточкада берілген суретті басқаша сөзбен айтып жеткізуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу.             | Д/О: «Ертегі құрастырайық»                                                                                            |
| 17 | «Көлеңкесін тап»          | Суреттердің көлеңкесіне мән бере отырып, иісті суретті табуға үйрету. Логикалық ойлауын дамыту. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.              | Д/О: «Ненің бейнесі?»                                                                                                 |
| 18 | «Математикалық жұмбақтар» | Баланың логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгерту. Балалардың ақыл-ой белсенділігін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.           | Д/О: «Сиқырлы хат»                                                                                                    |
| 19 | «Суреттерді есте сақта»   | Бейнені есте сақтау ерекшеліктерін үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздылыққа тәрбиелеу.                              | Д/О: «Сандар шатасты»                                                                                                 |
| 20 | «Кім тапқыр?»             | Бейнені есте сақтау ерекшеліктерін                                                                                                    | Д/О:                                                                                                                  |

*T. Akhmed*



|    |                            |                                                                                                                                                                                          |                                     |
|----|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|
|    |                            | үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.                                                                                                                             | «Ұқсастықты тап»                    |
| 21 | «Ерекше такшалар»          | Тапсырмаларды орындай отырып пішіндер мен бейнелерді құрастыра білу дағдыларын тиянақтау. Ойлау, ойдан шығару қабілеттерін арттыру.                                                      | Аз К/О: «Қуыршақтың моншақтары»     |
| 22 | «Ойлан тап»                | Заттардың ерекшеліктерін атап айтуға үйрету. Оларды жалпылап анықтау қабілеттерін дамыту. Заттың қандай екендігін бір сөзбен айтып жеткізуге тәрбиелеу.                                  | К/О: «Мен не жасырдым?»             |
| 23 | «Нені ұмытып кеттін?»      | Айтылған әр түрлі таныс қимыл әрекеттерін ретімен орындауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Икемділікке тәрбиелеу.                                                              | К/О: «Екі жол»                      |
| 24 | «Ұқсастық пен айырмашылық» | Балаларға әр түрлі заттар мен ұғымдардың айырмашылықтарын салыстыра білге үйрет. (оянды-киінді-таңғы ас ішті-балабақшаға барды.) Ойлау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздылыққа тәрбиелеу. | Д/О: «Кім тапқыр»                   |
| 25 | «Графикалық диктант»       | Дәптермен жұмыс жасай білулерін жалғастыру, дәптер бетіндегі сызықтар бойынша жазуды қалыптастыру. Өз-өздеріне есеп, баға берулерін жалғастыру.                                          | Графикалық диктант «Нүктелерді қос» |
| 26 | «Суретті толықтыр»         | Карточкада берілген суреттерге мұқият қарап, аяқталмаған бөліктерін салуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.                                            | Д/О: «Суретті толықтыр»             |
| 27 | «Не істеді?»               | Карточкада берілген суреттерге қарай отырып, сұрақтарға жауап беруге үйрету. (жаңбыр жауды, жапырақ ұшты т.б.) Сөздік қорын дамыту. Байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу.                    | Д/О: «Не істеді?»                   |
| 28 | «Логикалық поезд»          | Вагон поездді құрастыру үшін қолдарындағы суреттердің бір-бірімен байланысын табуға үйрету. (Мыс: жаңбыр-қолшатыр, гүл-көбелек т.б.) Ойлау қабілеттерін дамыту. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу. | К/О: «Көңілді паравоз»              |
| 29 | «Шытырманды жұмбақ»        | Тәрбиешінің жасырған жұмбағын зейін қойып тыңдауға үйрету. Логикалық ойлауын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.                                                                              | Д/О: «Жұбын тап»                    |
| 30 | «Ұқсастықтарды             | Бір затқа немесе құбылысқа байланысты                                                                                                                                                    | Үстел үсті                          |

*T. Allen*



|    |                      |                                                                                                                                                          |                                      |
|----|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|
|    | іздеу»               | ұқсас белгілері бар затты тауып айтуға үйрету. Мыс: ұшақ-көбелек, құс т.б. логикалық ойлау қабілетін дамыту. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.                    | ойыны: «Домино»                      |
| 31 | «Өлең есептер»       | Ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру. Шығармашылық қабілетін дамыту. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.                                       | Д/О: «Ойлан тап»                     |
| 32 | «Кім шапшаң»         | Берілген суреттерге қарай отырып топтастырға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздылыққа тәрбиелеу.                                             | Қ/О: «Жоғалған санды тап»            |
| 33 | «Сиқырлы пішіндер»   | Әр пішіннің өзіндік ерекшеліктерін ажырата білулерін тиянақтау. Логикалық ойындар арқылы пішіндерден түрлі заттарды құрастыра білу қабілеттерін арттыру. | Д/О: «Төртіншісі артық»              |
| 34 | «Сиқырлы жіптер»     | Саусаққа жаттығулар жасап, зейінің, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қолды үзбей түзу, қисық сызықтар салуын қалыптастыру.                               | Қ/О: «Суреттерді есте сақта»         |
| 35 | «Жеңімпаздар сайысы» | Балаларға таныс емес ойын түрлерімен таныстыру. Үлгіге қарай отырып әр түрлі түстерді жинақтап өзгерте білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.   | Математикалық жұмбақтар. «Неше алма» |
| 36 | «Кім мықты?»         | Графикалық диктанттар жазып, жан-жақты жұмбақтарды, логикалық тапсырмаларды тез орындай білуге жаттықтыру. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.                      | Қ/О: «Фигураны ойлап тап»            |

Негізгі бөлім:

1. Ә.Тұрғынбаев «Логика» Алматы «Білім» 2014 ж
2. Е.Шаханов «Логикалық жаттығулар жинағы» Астана 2012 ж
3. Ж.Елшібаев «Зерек» Алматы «Өнер» 1999 ж
4. Б.Жұмақаева «Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер» Алматы 2009 ж

Қосымша бөлім:

5. Ж.Кейкін «Атадан өсиет, анадан қасиет» Алматы «Өлке» 2010 ж
6. Е.Шаймерденұлы «Ақыл ой антологиясы» Алматы «Ана тілі» 1997 ж
7. Ұ.Жұмалділдаева «Әріптер әлемінде» Алматы «Ана тілі» 1997 ж
8. И.Светлова «Логика» Москва «Эксмо» 2008 г
9. Д. Рахымбек. Балалардың логика методологиялық білімдерін жетілдіру. Алматы. РКБ, 1998ж.
10. Б. Байжұманов. Балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, №12, 1998ж.
11. Психологиялық әдістемелік құрал, Астана 2005 жыл
12. Логикалық ойлау қабілетін дамыту №11, 2008, 53-54 бет